

Сәкен Нәжімеддинұлы Ғұмаров



Орындаған: Оңайбаева Фариза



Сәкен Нәжімеддинұлы Ғұмаров (1942 ж. - 1995 ж.)

- **архитектор, суретші**. Кескіндеме саласында жұмыс істейді. 1937 жылы 3 ақпанда **Батыс Қазақстан облысының** Бөкей даласында дүниеге келген. **Қазақстан Журналистер және Суретшілер одағының мүшесі**. 1962-1963 жылдары Мәскеуде Луначарский атындағы мемлекеттік театр және өнер институтында (ГИТИС), 1964-1965 жж. **Ленинградта** музыка, театр, кинематография институтында (ЛГИТМИКС) оқыған. Актерлік шеберлікті, режиссураны меңгерген. 1960-1964 жылдары Орал қаласында жаңа ашылған облыстық телеарнаның бас режиссері болған.

Өнері

С.Ғұмаров жұртшылыққа суретшілік өнерімен танымал. Ол 30 жыл бойына сурет салу өнерімен шұғылданған. 1986-1995 жж. С. Ғұмаровтың жеке көрмелері **Алматы, Мәскеу, Ялта, Сочи, Киев, Челябин, Вильнюс**, Орал қалаларында өткізілді. Ол ешқандай жүйе, мектеп, ағымның тікелей әсеріне мойынсұнбай отыз жыл бойы тер төкті, «провинцияда өнер өрге баспайды» деген қағиданы теріске шығарып, оның шығармалары көрермен жүрегіне көптеген атышулы әріптестерінен бұрын жол тапты.

Ол өз еңбектерін абстракциялық үлгіде жазады. Ғұмаров 1980 ж. Қазақстан ақын-жазушылар шығармашылығындағы және халық ауыз әдебиетіндегі құстар бейнесін негізге ала отырып, «Аққұс» деген жалпы атпен картиналар топтамасын жазды. Оның 400-ге жуық туындылары бар. Бұл топтамаға «Абай көзімен қарағандағы Аққұс бейнесі» (1980, картон, майлы бояу, Ю. А. Кошкиннің жеке қоры) картинасы да енді. Түрлі-түсті алуан пішіндер мен мозаика үлгісінде өрнектелген жұмыста Абай портреті асқак көрінеді. Кескіндеме композициясы қазақ және араб әріптерімен жазылған сөздермен толыға түскен.

Сәкен Ғұмаров музей-үйі

Музей 1995 жылы КСРО Журналистер Одағының, Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі, суретші Сәкен Ғұмаровтың жеке шеберханасында ашылды. Поставангардистік бағытта қылқалам тартып, кескіндеме өнерімен айналысқан суретшінің музейінде жеке коллекциясынан алынған 200-дей картинасымен қатар, оның жеке заттары, фотосуреттері мен құжаттары көрініске қойылған. Абстракциялық әдіпте жазылған шығармалардың ішінен «Түркілік», «Бағзы заман түркілері», «Күту», «Аспани әуез», «Бестиарий», «Қанағаттың ақ күні», «Аққұс», «Бастар мен денелер» секілді циклдері мен картиналары ерекше қызығушылық танытады. Суретші шығармашылығына еркіндік, мейірім мен жылылық, парасат пен білім, тарихи сана және ұлттық рух, имандылық тән, өмірге деген сүйіспеншілік, құштарлық сезіледі.















